

ISSN (Print) 2616-7174  
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ЖУРНАЛИСТИКА** сериясы

**JOURNALISM** Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

**№1(130)/2020**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы **Қайрат Сак**  
*филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Серік Тахан** *филол. ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*  
Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

#### Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әшірбекова Гүлмира	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақп	т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Есдәулетов Айтмұханбет	ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты хатшы: **Гүлжазира Ертасова**

Компьютерде беттеген: **Гүлсім Базылхан**

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА** сериясы  
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,  
тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**  
*Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Serik Takhan** *Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)*  
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

#### **Editorial board**

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Ashirbekova Gulmira	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saubayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Yesdauletov Aitmukhanbet	Candidate of Philology, Associate Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive Secretary: **Guljazira Yertassova**

Computer layout: **Gulsim Bazylkhan**

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

#### **Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор: **Кайрат Сак**  
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора: **Серик Тахан** доктор филологических наук, проф. (Казахстан)  
Зам. главного редактора: **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

#### Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Аширбекова Гульмира	к. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматай	к. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	к. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Есдаулетов Айтмуханбет	к.ф.н., доцент (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	к. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	д.ф.н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	к. искусств. н., доцент (Казахстан)

**Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова**

**Компьютерная верстка: Гульсим Базылхан**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 25 экземпляров.  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## Мазмұны

### **ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ**

- Әшірбекова Г.Ш., Ертасова Г.Қ.** Мұстафа Шоқай публицистикасының жанрлық ерекшеліктері ..... **8-15**  
**Ермаганбетова З.Н.** Қызылорда облыстық газеті кеңестік кезеңде ..... **16-22**

### **ӘЛЕМ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ**

- Высоцкая И.В.** Журналистердің кәсіби тілін зерттеу мәселелері ..... **23-32**

### **БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

- Тергембаева К.И., Топлу М.** Коронавирус туралы ақпараттың қоғамдық санаға ықпалы ..... **33-39**

### **ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА**

- Бельдибекова А.Т.** «Балапан» телеарнасындағы анимациялық фильмдердің көркемдік құралдары ..... **40-48**

### **PR ТЕХНОЛОГИЯ**

- Қасенов С.Т., Абдуллина Л.И.** Туризм индустриясындағы мәдени қатынастарды трансляциялау тәсілдері ..... **49-57**  
**Темирбаева Ж., Рыстина И.** Бедел капиталы ұғымы және негізгі өлшемдері .... **58-66**

### **ЖАҢА МЕДИА**

- Есенбекова Ұ.М., Тахан С.Ш.** Жарнамалық коммуникацияда трансмедиялық технологияларды қолдану ерекшеліктері ..... **67-72**  
**Молдабаев Х.С., Мехмет С.Т.** Жаңа медиа жағдайындағы аймақтық телеарналардың трансформациясы ..... **73-78**  
**Шайкенова А., Тілеубай Т.** Жаңа медианың аудиториясы: өзгерістер мен бәсеке ..... **79-84**

## Contents

### *HISTORY OF JOURNALISM*

- Ashirbekova G.Sh., Yertassova G.K.* Genre features of publicism of Mustafa Shokay 8-75  
*Yermaganbetova Z.N.* Kyzylorda regional newspaper is in the soviet period ..... 16-22

### *WORLD JOURNALISM*

- Vysotskaya I.V.* The problems of the research on the professional language of journalists ..... 23-32

### *THE MEDIA AND SOCIETY*

- Tergembayeva K.I., Toplu M.* The influence of coronavirus information on public consciousness ..... 33-39

### *TV AND RADIO JOURNALISM*

- Beldibekova A.T.* The artistic tools of animated films on the channel «Balapan» ..... 40-48

### *TECHNOLOGIES PR*

- Kasenov S.T., Abdullina L.I.* Cultural broadcasting techniques in the tourism industry..... 49-57  
*Temirbayeva Zh., Rystina I.* The concept and main criteria of reputation capital ..... 58-66

### *NEW MEDIA*

- Yessenbekova U.M., Takhan S.* Features of the use of transmedia technologies in advertising communication ..... 67-72  
*Moldabayev Kh.S., Mehmet S.T.* Transformation of regional television channels in the context of the development of new media ..... 73-78  
*Shaykenova A., Tleubay T.* New media Audience: the change and competition ..... 79-84

## Содержание

### **ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ**

<i>Аширбекова Г.Ш., Ертасова Г.К.</i> Жанровые особенности публицистики Мустафа Шокая .....	8-15
<i>Ермаганбетова З.Н.</i> Кызылординская областная газета в советский период .....	16-22

### **МИРОВАЯ ЖУРНАЛИСТИКА**

<i>Высоцкая И.В.</i> Проблемы изучения профессионального языка журналистов ....	23-32
---	-------

### **СМИ И ОБЩЕСТВА**

<i>Тергембаева К.И., Топлу М.</i> Влияние информации о коронавирусе на общественное сознание .....	33-39
--	-------

### **ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА**

<i>Бельдибекова А.Т.</i> Художественные инструменты анимационных фильмов на телеканале «Балапан» .....	40-48
--	-------

### **ТЕХНОЛОГИИ PR**

<i>Касенов С.Т., Абдуллина Л.И.</i> Приемы трансляции культурного сообщения в индустрии туризма .....	49-57
<i>Темирбаева Ж., Рыстина И.</i> Понятие и основные критерии репутационного капитала .....	58-66

### **НОВЫЕ МЕДИА**

<i>Есенбекова У.М., Тахан С.Ш.</i> Особенности использования трансмедийных технологий в рекламной коммуникации .....	67-72
<i>Молдабаев Х.С., Мехмет С.Т.</i> Трансформация региональных телеканалов в условиях развития новых медиа .....	73-78
<i>Шайкенова А., Тлеубай Т.</i> Аудитория новых медиа: изменения и конкуренция .....	79-84

XFTAP 19.41.41

**А. Шайкенова, Т. Тілеубай**

*М. Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл, Қазақстан*  
(E-mail: [aisulu\\_04\\_09@mail.ru](mailto:aisulu_04_09@mail.ru), [tolen\\_tleubaev@mail.ru](mailto:tolen_tleubaev@mail.ru))

### **Жаңа медианың аудиториясы: өзгерістер мен бәсеке**

**Андатпа.** Мақалада соңғы жылдары медиа индустрияға үлкен өзгерістер әкелген заманауи технологиялармен бірге оқырман қауымның өзгеруіне шолу жасалады. Сондай-ақ, аудиторияның назарын өзіне аудару үшін классикалық (кәсіби) журналистика мен басқа да ақпарат көздерінің қалай бәсекеге түсетіні талданған.

Әр жылдары Ресейде жарық көрген әдебиеттерде («Как новые медиа изменили журналистику: 2012-2016», Амзин А. и другие, Екатеринбург, Гуманитарный университет, 2016; «Аудитория новых медиа», Крищанович Полина, Павловская Каролина, 2016) соңғы 15-20 жылда жаңа медианың аудиториясының қалай өзгергені, күн сайын технологиялар мен медианың өзара қарым-қатынасының күшейіп келе жатқаны жазылған. Ал шетелдік әдебиеттерде классикалық медиа мен әлеуметтік медианың бәсекеге түсуіндегі нақты айырмашылықтары егжей-тегжейлі көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** жаңа медиа, аудитория, дәстүрлі БАҚ, заманауи технологиялар, әлеуметтік желілер.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-130-1-79-84>

**Түсті:** 20.02.20 / **Қайта түзетілді:** 03.02.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 17.03.20

Біз бұл мақалада медиа индустрияны жаңартқан технологиялық өзгерістермен бірге аудиторияның (оқырман және көрермен қауымның) қалай өзгергені және өзгеріп жатқаны, әлеуметтік медианың ақпарат тұтынушылар үшін негізгі дерек көзіне айналғаны жайында әңгіме қозғаймыз. Ең алдымен, «Аудиторияны неліктен және қалай өлшейміз?», «Аудиторияның сапасы неге маңызды және біз бұл ұғымға нені жатқызамыз?», «Оқырманның немесе көрерменнің назарын өзіне аудару үшін классикалық медиа мен өзге ақпарат көздері қалай бәсекеге түседі?» деген сауалдарға жауап іздейміз.

#### **Аудиторияның өлшеуіші.**

Қазір масс-медианың аудиториясы өзгерді деген сөзді жиі айтамыз. Оның өзгергенін немен және қалай өлшейміз? Бұл сұраққа жауап іздемес бұрын, «жаңа медиа» деген терминді түсіндірейік. Жаңа медиа (ағ. - new media) – бұл ХХ ғасырдың соңында интерактивті электрондық басылымдарға және тұтынушылармен бірге жасалатын контентті өндіруші коммуникациялардың жаңа формаларына қолданылатын термин. Бұл термин арқылы цифрлық, желілік технологиялар мен коммуникациялардың даму үдерісі анықталады.

Аудиторияны дәл өлшеу дегеннің өзі 2000 жылдардың басында технологиялар мен тәсілдер, бағдарламалар пайда болған соң айтыла бастады. Мәліметтерді тез өңдеу мен оларды медианың күнделікті жұмысына пайдалануға біраз жылдар кетті. Соған қарамастан, заманауи технологиялар мен статистикалық мәліметтер бізге аудиторияның мінез-құлқын, қозғалысын, сұранысын бақылауға мүмкіндік береді [1, 31]. Аудиторияны түсінудің күрделілігі сол, қазір өлшеуіш технология ғана емес, аудиторияның қасиеттері де өзгеруде. Мысалы, әлеуметтік желілерді қолданушылардың әдеттері тез өзгереді, ақпараттық кеңістікте хабар-ошар жеткізудегі құрылғылар мен платформалардың үлесі бөлінуде, қандай да бір форматтарға бой үйрету сәнге айналуға [1, 32-33].



Қазіргі заманғы медиаменеджерге, редакторға және журналистке аудиторияның саны, сапасы және әрекетін өлшеудің негізгі өлшеуіштерін қарастырайық. Біріншіден, ғаламторды немесе әлеуметтік желілерді қолданушылардың саны аса маңызды өлшеуіштің бірі. Бұл жерде шынайы картинаны тек тіркелген қолданушылардың есебі ғана бере алады. Ол үшін статистикадан аккаунттардың санын көреміз [1, 34].

Аудитория динамикасының өсуі және кемуін талдай отырып, біз аудиторияның осы сегментінің кезеңі мен жалпы әрекетін ескеруге тиіспіз. Аудиторияның әрекетін бақылауға және статистика жинауға арналған ресурстар мен құралдар өте көп: атап айтсақ, рейтинг және liveinternet.ru сайтындағы мүліктердің орасан зор таңдауы, *mediametrics.ru* әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың танымалдық рейтингі, *top.mail.ru* ресурсының рейтингі және статистикасы, Яндекс. Метрика және Google Analytics сияқты сервистердің құралдары, Socialbackers – әлеуметтік желілердегі қызметті талдауға арналған құрал [1, 35-36].

Соңғы 15-20 жылда БАҚ-тағы жаңалықтар мен публицистиканың тұтыну тұжырымдамасының өзі түбегейлі өзгерді. Негізгі өзгерістерді төрт түрге бөлуге болады.

1. Адамдар ақпаратты тәуліктің кез келген сәтінде үздіксіз пайдаланатын болды. Мысалы, ғаламтор дәуіріне дейін ақпаратты белгілі бір уақытта, орында тұтынып келсек, ал қазір үздіксіз тұтынатын деңгейге жеттік: ертеңгілік радиоға жаңалықтар, метродағы таңғы газет, жұмыста жаңалықты бөлісу мен талқылау, кешкі газет пен журнал, теледидардан кешкі жаңалықтарды тыңдау, сенбілік журнал оқу және т.б.

2. Ақпаратты бір құрылғыдан екіншісіне ауыстырып тұтыну. Мәселен, таңғы аста көре бастаған бейнежазбаны планшеттен метрода көруді жалғастыру және т.с.с.

3. Интерактивті тұтыну: ақпаратты тұтынушы дерек көзімен кез келген уақытта өзара қарым-қатынасқа түсе алады.

4. Тұтынушы жаңалықтар дистрибуциясының міндетті және маңызды бөлігіне айналды. Яғни, БАҚ-тар ақпарат тарату міндетінің бір бөлігін аудиторияның мойнына артып қойды [1, 51-52].

### Жаңа әлеуметтік желілер

Күн сайын технологиялар мен медианың өзара қарым-қатынасы күшейіп келеді. Сонымен бірге, аудиторияның іс-әрекеті мен әдеттері бір-біріне қарама-қайшылыққа дейін өзгеруде. Мәселен, 2016 жылы жаңа медиа аудиториясының негізгі трендтерінің қатарына «Аудиторияның мессенджерлерге ауысуы» бірінші орынға шықты.

eMarketer сараптамалық компаниясының мәліметі бойынша, 2015 жылы мессенджерлердің аудиториясы 1,4 млрд. адамға жетті. Бұл – смартфонды қолданушылардың төрттен үш бөлігі. Осы компания 2018 жылы мессенджерлерді қолданушылардың саны 2 млрд. адамға (бұл смартфонды барлардың 80 пайызы) жетеді деген болжам жасады. Демек, мессенджерлер «жаңа әлеуметтік желіге» айналды. Адамдар онда ойын ойнап, бейнежазба көріп, брендтермен қарым-қатынас жасауға кірісті. Тіпті, тамаққа, таксиге тапсырыс беріп, бір-біріне сыйлық жасайтын және алуан түрлі жаңалықтарды оқып, жұртпен бөлісетін деңгейге көтерілді [2].

Өлемдегі адамдардың көпшілігі өздерінің ашық жазбаларын халықтың жаппай назарына шығарғысы келмегендіктен өз ақпаратын достарының, таныстарының, әріптестерінің және ниеттестерінің арасындағы алуан түрлі топтарға таратуды қош көретін болды. Лезде таралатын өткір хабарламалардың әлеуметтік желілерге қарағанда мессенджерлерде шығуы әрі тиімді, әрі өзара қарым-қатынасқа да пайдалы екені даусыз. Өйткені әріптестердің немесе сыныптастардың чатындағы ашық ақпараттардың құпиялығы, тез таралуы, маңыздылығы басты рөл ойнайды.

Шындығына келсек, бүгінгі таңда БАҚ-тар аудиторияның соңынан ілесіп келеді. Мысалға, үлкен сайттардың мобильді қосымшаларында «WhatsApp-та бөлісіңіз» деген

тетіктер пайда болуда. Жекелеген басылымдар Viber-ден ашық чатын немесе Telegram-нан боттарын ашып, іске қосуда. Былай қарағанда, бұл алғашқы именшек қадамдар. Бірақ бұл алғашында ғаламтордағы сайттардың, кейінірек әлеуметтік желілердің пайда болғанындағыдай жағдай екені сөзсіз.

Басылымдардың аудиториясы сол сайттар мен әлеуметтік медиаға көшіп кетті. Сол себептен басылымдардың дені мессенджерлерге қатысты «ол жерге бару керек пе, жоқ па» деген тұрғыдан емес, «нақты нәтижеге жету үшін күш-жігерді қалай жұмсау қажет» деген тұрғыдан қарастыруда [2].

### **Әлеуметтік желілер**

Қазіргі кезде біз бір-бірімізге: «Бұл туралы кеше Фейсбуктен мақала оқыдым», «Бүгін таңертең Твиттерден хабарлады», «Инстаграмдағы бір әншінің парақшасынан көрдім» деген әңгімелерді жиі айтамыз. Мұның өзі әлеуметтік желілердің аудиторияның басым бөлігінің күнделікті ақпарат алу құралына айналғанының дәлелі. Тіпті классикалық БАҚ-тардың ақпараты бір ғана Facebook-тегі мықты бір блогердің немесе журналистің парақшасынан көп оқылатын жағдайға жеттік. Көптеген елдерде жаңалықтар тарататын ірі-ірі сайттар мен олардың ғаламтордағы нұсқасы үшін аудиторияның негізгі дерек көздерінің ішінен әлеуметтік желілердің ақпараты 1-ші орынға шықты.

2015 жылдың соңында Ресейде әлеуметтік желілердің дерек көздері көш басындағы медиалардың басым бөлігінің негізгі үштігіне кірді. Pew Research Centre америкалық тәуелсіз зерттеу ұйымының мәліметтері бойынша, АҚШ-та Twitter мен Facebook-ті барлық жастағы жаңалық тұтынушылар негізгі дерек көзі деп қабылдаған. Бұл ретте breaking news кезеңінде әлеуметтік желілерден жаңалық іздеушілердің саны екі есеге дейін артады. Атап айтарлығы, әлеуметтік желілерді қолданушылардың үлесі тұрақты болғанына қарамастан, әлеуметтік желіні жаңалық оқуға пайдаланатындардың үлесі өсіп келеді. Бұған қоса, жаңалықтар агрегаторының уақытымен салыстырғанда әлеуметтік желілерден басқа арнаға ауысу жылдам жүреді, ал аудитория қандай да бір сайтта немесе оның мобильді қосымшасында жұмыс істеудің (уақыты бойынша, ашылған беттердің саны бойынша) тиімділігін көрсетеді [1, 61-62].

### **Классикалық медиа мен әлеуметтік медианың айырмашылығы неде?**

Енді «Оқырманның немесе көрерменнің назарын өзіне аудару үшін классикалық медиа мен өзге ақпарат көздері қалай бәсекеге түседі?» деген сауал төңірегінде ойланып көрелік. Классикалық медиаға газет, теледидар, радио жататынын білеміз. Ал әлеуметтік медиа дегеніміз не? Мұндай сауалға жауап іздегенде бірден тіліміздің ұшына Facebook, Twitter, Instagram, YouTube оралады. Бұл ішіндегі ең танымалдары. Әлеуметтік медианың дәстүрлі медиадан айырмашылығын білу үшін, терминді екі бөлікке бөлуге болады: әлеуметтік желілер және медиа. «Әлеуметтік» деген бөлігі бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын адамдардан тұрады.

### **Осы екі медиа бір-бірімен қалай бәсекеге түседі?**

Бұл жерде нақты 7 айырмашылықты атап көрсетуге болады. *Біріншіден*, контентті жасау және тарату. Классикалық медиа «бір адам көпшілікке» деген қағидатқа негізделген. Бұл жерде жаңалықтар деген не, күнделікті шығатын газетте қандай репортаж беру керек немесе келесі бюллетеньде қандай репортаждар жариялау қажеттігін редактор шешеді. Жаңалық тұтынушылар, яғни, оқырмандар мен көрермендер контентті жасау мен таратуда ешқандай рөл ойнамайды. Ал әлеуметтік медиа керісінше, «көпшілік көпшілікке» деген қағидатпен жұмыс істейді. Кез-келген адам контент жасап, онымен бөлісе алады. Бұл контент жасау үдерісін барынша демократияландырады [3].

*Екіншіден*, екі бұқаралық ақпарат құралы бор мен ірімшікке ұқсайды. Әлеуметтік медиаға өзінің атауы айтып тұрғандай, адамдар өз достарымен, туыстарымен, таныстарымен және т.б. қарым-қатынас жасауға жүгінеді.

Ол жердегі ақпарат міндетті түрде жаңалық болуы деген қажеттілік жоқ. Шын мәнісінде, Жер шарының өте аз бөлігіндегі Social Media жаңалықтар жасау мен таратуға арналмаған. Дәстүрлі БАҚ-тар – бұл, ең алдымен, жаңалық тарататын БАҚ-тар. Ол бұрыннан бері ақпарат жинау және жаңалық тарату қызметін атқарды, әрі осы жұмысын одан әрі жалғастыруда.

*Үшіншіден*, интерактивтілік басым: әлеуметтік желілерде достар, туыстар және әріптестер жасаған контентке өз ой-пікірінді білдіруге мүмкіндік мол. Мұндай пікірлер жарияланған материалды байытып, басқа адамдарға да бөлісуге жол ашады. Классикалық БАҚ-тарға деген бақылау көп. Бұл жердегі қарым-қатынас біржақты: редактордан оқырманға дейін. Тек оқырман газеттің «Хаттар» деген бөліміне хат-хабар жібере алады. Ол хаттың қандай бөлігі редакцияланады деген нәрсеге кепілдік жоқ. Мұндай интерактивтілік теледидарда тіптен шектеулі.

*Төртіншіден*, конвергенция: әлеуметтік медиа, шынында да, конвергенттік медиаға жатады. Сіз мәтін, аудиожазба, бейнематериал, графика және фотосурет түріндегі контентті әлеуметтік желілердің сайттарында жариялай аласыз. Ал дәстүрлі медиа тек қана бір форматпен жұмыс істейді – баспасөз, радио және теледидар түрінде. Дәстүрлі медианың кеңістігінде жақындық жоқ.

*Бесіншіден*, жылдамдық ерекше рөл атқарады: әлеуметтік медиа қандай да бір ақпаратты қас пен көздің арасында таратады.

Әлеуметтік желілердің сайттарында жарияланған есептер кез-келген оқырманға жылдам жеткізіледі. Классикалық БАҚ-тарға ақпарат тарату үшін уақыт керек. Газетте күніне бір рет, теледидар мен радиода күніне бірнеше рет жаңалық таратуға болады. Бірақ олар эфирге шықпайынша әлеуметтік желілердің жылдамдығымен жарыса алмайды.

*Алтыншыдан*, контент жасау құны ерекше маңызды. Жаңа газет, радио және телеарна ашу үшін қыруар қаражат қажет. Сондықтан, басылым шығаруға екінің бірі келісімін бермейді. Әлеуметтік желілердің платформасы кез келген контентті тегін орналастыруға мүмкіндік береді. Сол себептен кез келген адам басылым немесе телеарна қожайыны болады алады. Жетіншіден, аудиторияны қамту және цифрлардың айырмашылығы жер мен көктей. Әлеуметтік желілердің қамту мүмкіндігі таңдай қақтырады, ол бүкіл әлемдегі миллиардтаған адамдарды біріктіреді. Оған керісінше, дәстүрлі БАҚ-тардың қамтуы газеттер мен телеарналардағы оқырмандар және көрермендер санымен шектеулі [3].

**Сөзімізді түйіндей келе айтарымыз**, әлеуметтік медианың эволюция кезеңдерін жүз пайыз сенімділікпен болжай алмаймыз. Сол себептен олардың қанша уақыт қолданыста болатынын немесе жойылатынын және басқа бір форматпен ауысатынын дөп басып ешкім айта алмайды. Бір анық нәрсе, барлық журналистер мен редакторлар, продюсерлер мен басылым қожайындары әлеуметтік медианы диалог пен өзара қарым-қатынастың журналистикасы ретінде қабылдауы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1. Амзин А. и др. Как новые медиа изменили журналистику. 2012-2016. - Екатеринбург: Гуманитарный университет, 2016. - 304 с.
2. Крищанович П., Павловская К. Аудитория новых медиа. [Электрон. ресурс] - URL: <https://sites.google.com/site/internetcommunication> 2016/auditoria-novyh-media (Қаралған күні: 12.09.2018)

3. Саксена С. 7 ключевых различий между социальным медиа и традиционным медиа. – 2018. [Электрон. ресурс]. – URL: //https://www.easymedia.in/7-differences-social-media-traditional-media// (Қаралған күні: 27.01.2019).

**А. Шайкенова, Т. Тлеубай**

*Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева, Петропавл, Казахстан*

### **Аудитория новых медиа: изменения и конкуренция**

**Аннотация.** В статье проводится обзор изменений читательского сообщества, а также рассмотрены современные технологии, которые внесли большие изменения в медиа-индустрию за последние годы. Также проанализирована конкурентоспособность классической (профессиональной) журналистики и другие источники информации в плане привлечения внимания аудитории. В литературе, изданной в разные годы в России (Амзин А. и др. Как новые медиа изменили журналистику. 2010-2016», Екатеринбург, Гуманитарный университет, 2016 г.; Крищанович П., Павловская К. Аудитория новых медиа. 2016 г.), говорится о том, как изменилась аудитория новой медиа в последние 15-20 лет, как усиливается взаимодействие технологий и медиа. В зарубежной литературе подробно отображены конкретные различия в конкурентоспособности классических медиа и социальных медиа.

**Ключевые слова:** новые медиа, аудитория, традиционные СМИ, современные технологии, социальные сети.

**A. Shaykenova, T. Tleubay**

*M. Kozybayev North Kazakhstan State University, Petropavl, Kazakhstan*

### **New media Audience: the change and competition**

